

"Текелі қаласының құрметті азаматы" атағын беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2010 жылғы 19 қазандағы N 23-182 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қаласының Әділет басқармасында 2010 жылы 22 қарашада N 2-3-83 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2012 жылғы 19 шілдедегі N 8-53 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2012.07.19 N 8-53 Шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. "Текелі қаласының құрметті азаматы" атағын беру ережесі қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Текелі қалалық мәслихатының
IV шақырылымындағы кезекті
XXV сессиясының төрағасы А. Жетпісов*

*Текелі қалалық
мәслихатының хатшысы Н. Калиновский*

Текелі қалалық мәслихатының
2010 жылғы 19 қазандағы
"Текелі қаласының құрметті
азаматы" атағын беру ережесін
бекіту туралы " N 23-182
шешімімен бекітілген

"Текелі қаласының құрметті азаматы" атағын беру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Текелі қаласының құрметті азаматы" атағын беру ережесі (әрі қарай – ереже) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Текелі қаласының құрметті азаматы" атағын берудің тәртібін реттейді.

2. "Текелі қаласының құрметті азаматы" атағын (әрі қарай – атақ) беру қаланы дамытудағы азаматтардың экономикалық және әлеуметтік белсенділігін арттыруда ынталандырудың, құрметті азаматтардың жемісті еңбегін, олардың қабілеттіліктерін, дарындылығы мен бастамашылдығын танудың маңызды бір моральді түрі болып саналады. Сондай-ақ атақ берудегі мақсат еңбек сіңірген азаматтардың есімдерін Текелі қаласының тарихында сақтау болып табылады.

2. Атақ беру жөніндегі талаптар

3. Атақ келесі талаптардың біріне сәйкес келетін тұлғаларға беріледі:

1) қаланың экономикасын, ғылымын және мәдениетін, өнерін, білімін, денсаулық сақтау және әлеуметтік салаларын дамытуға қосқан елеулі үлесі;

2) қоғамдық қызметтегі, демократиялық, жариялылық және әлеуметтік прогресс, рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамытуға қосқан еңбегі;

3) спортта, әскери қызметте жеткен жетістігі;

4) азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы, қайырымдылық қызметі мен мейірімділігі, Текелі қаласын елімізде және шет елдердегі беделін көтерудегі белсенді жұмысы;

5) ұлтаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты, бейбітшілікті, достықты, қалада тұрып жатқан халықтардың арасында ынтымақтастықты нығайту жолындағы жемісті еңбегі;

4. Атақ мемлекеттік қызметте өзін көрсете білген мемлекеттік және саяси қызметшілерге және қаланың мәдени дамуына ықпал еткен азаматтарға ерекше құрмет ретінде беріледі.

3. Атақ берудің тәртібі

5. Атақ беру туралы өтінімді жергілікті атқарушы орган, еңбек және шығармашылық ұжымдар, қоғамдық және діни бірлестіктер, жеке және заңды тұлғалар, өзге де топтар бастамашылық етуі мүмкін. Өтінімге ұсынылған кандидаттың негізгі биографиялық деректері, оның жетістіктерінің және қалаға сіңірген еңбегінің қысқаша сипаттамасы көрсетіліп, растайтын құжаттары қоса беріледі.

6. Атақты Текелі қаласы әкімінің ұсынысы бойынша қалалық мәслихат береді.

7. Қалалық мәслихатпен, депутаттардың жалпы санының көпшілік дауыс беруі арқылы, әр кандидатқа жекелей шешім қабылданады.

8. Атақ беру туралы қалалық мәслихаттың шешімі жергілікті баспасөз беттерінде жарияланады.

9. Құрметті азаматтардың Кітабына атақ берілген тұлғаның есімі енгізіліп, қосымша құжаттармен бірге қалалық мәслихатта сақталады.

4. Куәлік, төсбелгі және төсбелгіні тапсыру тәртібі

10. Текелі қаласының әкімі және мәслихат хатшысы атаққа лайық адамға "Текелі қаласының құрметті азаматы" құрметті азаматтың лентасын, куәлігін, төсбелгісін салтанатты жағдайда тапсырады.

11. Лентаны, куәлікті, төсбелгіні дайындауға қатысты жұмыстары қалалық мәслихаттың аппаратына жүктеледі.

12. Ленталарды, куәліктерді, төсбелгілерді дайындау шығындарын қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Лентаның, куәліктің, төсбелгінің көрінісі

13. Лента көгілдір түсті жібек немесе басқа матадан, ұзындығы 2 метр 37 сантиметр, ені 30 сантиметр болады. Лентада "Текелі қаласының құрметті азаматы" деген мемлекеттік тілдегі жазу бар. Лентаның шетінде қазақтың ұлттық ою - өрнегі бейнеленген.

14. Куәлікте "Текелі қаласының құрметті азаматы" мемлекеттік тілдегі жазу бар мәслихат сессиясының атақ беру туралы шешімнің реттік нөмірі мен күні туралы мәлімет жазылады.

15. Төсбелгі металдан жасалады. Төсбелгінің бет жағының орта тұсында "Текелі қаласының құрметті азаматы" деген мемлекеттік тілде жазылған жазу бар.